

БЕКІТЕМІН
«Жетісу облысының білім басқармасы» ММ
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
«Талдықорған индустріялық колледжінің»
директоры А.К. Джумадилов
«27» « 06 » 2023 ж.



«Жетісу облысының білім басқармасы» ММ шаруашылық
жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
«Талдықорған индустріялық колледжі»

Сыйайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметтер туралы Ереже

Талдықорған қаласы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жетісу облысы білім басқармасы ММ шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Талдықорған индустриялық колледжінің» (бұдан әрі-Колледж) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Ережесінде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-Колледж қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заннамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттері арасындағы қайшылық. Мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауыны алыш келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган- Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның ауماқтық бөлімшелері;

2. Кәсіпорынның негізгі міндеті осы ұғымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа іс-қимыл туралы заннамасын сақиауын қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызмет функцияларын орындастырын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтін функцияларын орындастын жауапты тұлға мұдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

3. Сыбайлас жекөрлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындастын жауапты тұлғаны Колледж басшысы айқындаиды.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін Колледждің аткаруши органдынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

5. Сыбайлас, жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және онын аумактық белімшелері көрсетеді.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын Колледждің басқа құрылымдық белімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

7. Егер Заңмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді тәуелсіз басқару органы, көрсетілген органдар болмаған жағдайда Колледждің басшысы бекітеді.

2-тaraу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердін мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтінін негізгі мақсаты Колледждің тиісті субъектілері мен онын қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) Колледждің субъектілері мен онын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) Колледже сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жәніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) Колледже сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуіді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс -қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

10. Колледж сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет кызметінің ақпараттық ашыктығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың ұздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың күзыреттерін үнемі арттыру.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) келесі күжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылның ішкі саясаты;

Колледждің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жениндегі нұскаулық;

Колледже мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

Колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін күжат; корпоративтік әдеп пен мінезд-кулық мәселелерін регламенттейтін күжат;

2) Колледже сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, қорытууды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 бүйрігымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік күкірткыш актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес Колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және Колледждің бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін Колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

5) Колледже анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

6) Колледже сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас

жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) Колледждің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) Колледж қызметкерлерінін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен міnez күлық мәселелерін сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) Колледж ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет күзыреті шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың занда белгіленген қаржылық бақылау шараларың және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сактауын қамтамасыз етеді;

11) Колледждің құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) Мұдделер, қактығысын, оның ішінде Колледждің жұмыска орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) Колледжде сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) Контрагенттердің сенімділігің кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) Колледждегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға етініштер қатысады;

16) Колледжде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) Колледждің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыйбайлас . жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Колледждің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің акпаратын тындайды;

19) Колледж басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және кәсіпорыннын қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жәнінде ұсынымдар енгізеді;

20) Колледждің қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер қактығысынын туындауына әкеп соқпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және баскалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, кәсіпорындармен, коғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

12. Колледждің өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен корсетілген органдар болмаған жағдайда, кәсіпорын басшысы сыйбайлас

жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысың тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және еңбекке ақы төлеудің шарттарын айқындаиды.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының бойынша Колледж басшысының ұсынуы шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің күрылымы, штат саны (сандық кұрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұскаулыктармен немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындастын құжаттармен айқындалады және оларды Колледж басшысы бекітеді.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы Колледждің өзге де тәуелсіз басқару органына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің күрылымы мен штат кестесі бойынша, көрсетілген органдар болмаған жағдайда, Колледж басшысына ұсыныс береді.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан Колледжлің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствоға бағынысты ұйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен ызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы кажет.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметінің шенберінде:

1) Колледждің күрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) көрсетілген органдар болмаған жағдайда, Колледждің басшысына немесе өзге де тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қымыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) Колледж басшылары мен баска да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шенберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыretі шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге катысады;

7) Колледж қызметкерлерінің колледжде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудын болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не Колледжде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

20. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) Колледж және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялыштың сактайды; .

2) Колледждесыбылас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе накты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялыштың қамтамасыз етеді;

3) Колледж басшысын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) Колледждің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сактайды.

21. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;

3) құпия акпаратты жеке мүддеге пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларга қатысуға болмайды.

22. Колледж басшылығы:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орган құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;